



Mac Attaill

## **Несілбек Айтұлы: Қайғым ұзақ ұзын аққан Ертістен...**



### **Азаттығым**

Атажүрттың қазығына байланған соң кіндігім,  
Арқандаулы арық аттай шырайналған тірлігім.  
Таң атқаннан күн батқанша өз басымен әуіре,  
Арпалысқан бұл жалғанда ұғып жатыр кімді-кім?

Қанатымды шаңға малып тіршіліктің қамы үшін,  
Тауық та бір, мен де бірмін теріп жеген тарысын.  
Бостандықтың бір тал шашы түсер болса егер де,  
Қынабынан суырылар қылышылдаған намысым!

Жеткен жан жоқ қуғанменен сүм дүние шетіне,  
Пәни менен бақи барда бөлінесің екіге.  
Азаттығым, тиер болса сұық ызғар бетіңе,  
Жүрегімді қалқан етем соққан желдің өтіне!

### **Ұлы қайғы**

Өмір өтті арпалыспен, тартыспен,  
Кездерім көп артық кеткен, кем түскен.  
Бабалардан – маған дейін ұласқан,  
Қайғым ұзақ ұзын аққан Ертістен.

Қасіреттен қаны қайнап қарайған,  
Күн астында күңіренген талай жан.  
Бізден асып болашаққа жалғасар,  
Қалған қайғы Әлішерден, Абайдан.

Ұлы қайғы жанымды жеп жегідей,  
Жеті түнде ұлиды кеп бөрідей.  
Тірлігіме сонда қатты налимын,  
Иттің тісі жырымдаған терідей.

### **Налыма бекер**

Аймалап шуақ маңдайын өпсе,  
Түнерген жартас жадырар.  
Тамыры сусап, тандайы кепсе,  
Жапырақ біткен жабығар.

Жабырқап, жұртый, налыма бекер,  
Мейірімге шөлін қанбаса.  
Алланың нұры бәріңе жетер,  
Адамның нұры болмаса...

### **Асуға көз жіберсем**

Айналып арман құсы қонды жерге,  
Шым-шымдалп шымырлайды шерлі кеуде.  
Асуға көз жіберсем – қарлы боран,  
Көк тайғақ, кия беткей келдік өрге.

Жоқ шығар таусылмас жол, таймас табан,  
Артықпыз алдыңғы өткен қай қасқадан?  
Не керек көп алдында кердең басып,  
Болмасақ серке құрлы қой бастаған...

### **Тіліңнен у тамшылар**

Аспан асты ашықта,  
Көзінді сал қашыққа.  
Қарауытса көкжиек,  
Тұн келеді, асықпа.

Күйбендерген тұрмыста,  
Тұн ұзарса, күн қысқа.  
Көргенің көп болғанмен,  
Көңілде жоқ бір нұсқа.

«Өгіз аттай желмейді,  
Өткен қайта келмейді».  
Тас санасан, құм санап,  
Заман ырық бермейді.

Тағдыр дәйім күшінде,  
Қасарысқан пішінде.  
Бірге өлгенің өзін де,  
Арман өлсе ішінде.

Айтсаң ғана зар шығар,  
Тіліңнен у тамшылар.  
Тән шыдаса шыдар – ay,  
Қайтып бірақ жан шыдар?!

## ШӘКІРГЕ СОҢҒЫ САУАЛ

Армысың, асыл киелім,  
Өзегі алтын жүйелім.  
Еңкейе бермес өзгеге,  
Басымды саған иемін.  
Ағытсаң жырдың тиегін,  
Арынды, ақпа күй едің.  
Тілеген жерден табылған,  
Табиғат тартқан сый едің.  
Дегбірінді алған дертіңнің  
Дауасын таппай күйемін.  
Өркеші атан түйенің,  
Емшегі мама биенің,  
Семгендей шөгіп қалдың ба,  
Сықырлап тозған сүйегің?  
Өзіңе өзің би едің,  
Жапанға жалғыз ие едің.  
Шыңғыстың шыны болмаса,  
Арқанды кімге сүйедің?  
Ішінен шыққан аппағым,  
Қазандай қара күйенің.  
Қалтылдай басып тұрсың ба  
Құлама жардың жиегін?  
Өледі екен хас тұлпар,  
Ернеуге сүйеп иегін.  
Толтырған бар ма айтсаншы,  
Тағдырдың тажал бүйенін?  
Бұдыры болат бедерлім,  
Бағасы қымбат беделдім.  
Қарасы өшсө тәбенің,  
Көзімнің жасын төгермін.  
Сұқсырдай судан суырылған,  
Толқынның төсін сөгермін.  
Кімдерді қалай қылмағы,

Қолында Тәңір шебердің.  
Шоқтығы биік көк шоқы,  
Мұжылып, міне, көнердің.  
Жұртында қалған көненің,  
Қаңқасы едің өнердің.  
Айналсаң желге шандатып,  
Тоқымын қақтың кемердің.  
Аспанды кезсең ақ бұлттай,  
Аскарға барып бөгелдің.  
Оралсаң жерге опық жеп,  
Кейпіне кірдің шөгелдің.  
Сен де бір кезбе диуана,  
Дәм-тұзын татқан көп елдің.  
Үкідей ұштың үлпілдеп,  
Үстінен сансыз беленің.  
Адырдан оппа кез келсе,  
Аранын жаптың тереңнің.  
Үмітті қуып қаңғырдың,  
Ұшында кеткен жебенің.  
Сағымдай ағып сандалып,  
Жүргенде, айтшы, не көрдің?  
Соңыңа жастан мен ердім,  
Соқпакқа түсіп жөнелдім.  
Жебелей жортқан көк бөрі,  
Сүргінге салсаң, желермін.  
Желмая болсан, жеделмін,  
Жер түбін шолып келермін.  
Бөртеден шыққан боз болсан,  
Қасқадан туған төбелмін.  
Бедеудің белін талдырсан,  
Дінкесін құрттым көбенің.  
Асырып бұдан не дермің,  
Артымды шанға көмермін.  
Атамды айтып кайтейін,  
Батаңды алып көгердім.  
Ақиқат жолын нұскашы,  
Оғындар тұзу беренің.  
Жымына тұяқ ілдірмей  
Жоғары менен тәменнің,  
Дулат пен Ақтанбердінің  
Кенішін тауып кенелдің.  
Шыңырауын көмген шегеннің,  
Бұғатын бұзған бөгеннің,  
Дауыл кеп діңін шайқады,  
Ұялы бұтақ еменнің.

Жанардан жасың бұршақтап,  
Көзінен өттің тебеннің.  
Бағылан мойын желкеңді  
Бұршағы қиды көгеннің.  
Бұлауға түскен тобандай,  
Бейнет пен сорға бөлендің.  
Заманың сиқын танытты,  
Меніреу, мылқау, керенің.  
Шалқыған көлің тартылып,  
Қаңсыған шөлдей кебердің.  
Шеңгелі бүріп ішінді,  
Шорланып қатқан шеменің,  
Қобызын тарттың құніреніп,  
Қапаста қайғы жегенің.  
Құтыла қалсаң кісеннен ,  
Сәтінде алаң-елеңің,  
Шыға алмай шарлап шетіне  
Опасыз дүние дегенің,  
Астыңа мінген ақ атан,  
Апарып тасқа шөгердің.  
Айтшы, сен сонда не көрдің?  
Үркектей қарап алдыға,  
Үмітті кері шегердің.  
Сен сенбей кеткен жалғанға,  
Иланып қалай сенермін?  
Сен көнбей кеткен құрыққа,  
Жуасып қалай көнермін?  
Сен тәрк еткен арбаның  
Дәртесін мен де тебермін.  
Жанымды қоймас келер құн,  
Қарыздың құнын төлермін.  
Сен жұтқан удың жұғынын,  
Мен-дағы жұтып өлермін.  
Тізгінің тұлдырып пәнидің  
Артқыға мен де берермін.  
Керегем кедей – басқұр жок,  
Өнегем өгей – дәстүр жок.  
Қорадан тартар қойымды,  
Аңдыған дүлей – қасқыр көп.  
Амалың айтып кетпесен,  
Көлденең тұрғой кедергім.  
Соңыңнан жетсем жүрдай боп,  
Мақшарда саған не дермін?..

## **Құмырсқаның балы (Кіші атам Қыдырмолованың рухына)**

Бабам менің шипа таппай бір шыбындай жанына,  
Зарығумен көзін жұмды құмырсқаның балына.  
Зәру дәрі жатады екен жеті қат жер астында,  
Тамшысына татымайтын Қарынбайдың малы да.

Естіген соң есте қалған бұл сөзіме ел сенер,  
Қысылғанда жанның құны қолда жоқпен өлшенер.  
Құмырсқаның балын тауып берер ме еді кім білсін,  
Жерден шыққан Желім батыр мәңгі тірі болса егер?!

Өзгермейтін, көз көрмейтін тіршіліктің тұғырын,  
Ажал-дию талқандайды толтырмасаң жұмырын.  
Қалың малы Қарынбайдың Атымтайға бітсе де,  
Шылбыр бойы ұзарта алмас шолақ жіптей ғұмырын.

Тепкілесе үзілмейтін темір өзек жан қайда,  
Гүл-бәйшешек құлпырғанда жауқазын да солмай ма?  
Шаба бермей көк шолакты сабалаумен борбайға,  
Ей, бейшара, елмен бірге өлерінді сен де ойла!

Құмырсқаның балын тапсаң кереметтің күшімен,  
Алдында зыр жүгірейін бақайымның ұшымен.  
Сетінеген өміріме сеп болатын түрі жоқ,  
Жаралғалы жасыл көлдің кәусарынан ішіп ем.

Маған жаның ашымасын шөліркеген аңызға,  
Иесіне қайтарармын алғанымды қарызға.  
Сұлық жатқан дүниені шамаң келсе тік тұрғыз,  
Таңдайына құмырсқаның балынан бір тамыз да!..

### **Мұскін пенде**

Мұскін пенде, өзінді-өзің сонша неге қинадың,  
Жүрегінде болмаған соң аузындағы иманың?  
Астан-кестең тасығанда аласұрған замана,  
Салындыдай суға кетер бұл бес күндік жиғаның.

Сайқал дүние көзінді алдар қызыл-жасыл боянып,  
Абжыландай лебі тартар ентесең таянып.  
Қайта анаңнан туғандай боп тазарасың күнәдан,  
Бозторғайдың жырын тыңда, таң сәріден оянып.

Тамылжыған сол бір шақта таңның жүзі албырап,  
Рахатқа бөленеді қара тас та балбырап.  
Сен де сонда тебіреніп, тұбін ойла тірліктің,  
Түссен-дағы көк аспаннан екі аяғың салбырап.

### Бұктетіліп атыларсың...

Адасқанның көрген күні күн емес,  
Қаңғырған жан қайда барып түнемес?  
Қайыршының күркесінің шамындей,  
Жер түбінен жылтырайды бір елес.

Қайыры жоқ қу тірліктің сәулесін,  
Қуа берсөн құр бекерге әуресін.  
Басың еркін болсын десен, бауырым,  
Биік ұста намысыңың қеудесін.

Бұға берсөн зұлымнан да, зордан да,  
Құтылмайсың азаптан да, сордан да.  
Бұктеттіліп атыларсың бөрідей,  
Кеудене кек, көзіңе қан толғанда.

**Патша қызының зары (Тұран Жолай ханның тоқалы, Қытай патшасының қызы Шаңгүлдің сіңілісіне хаты. Б.д.589 жылы)**

Таң атады, күн батады,  
Әмір сырғып жатады.  
Қара түнге малынады,  
Таңның алтын шапағы.

Көктем менен күз алмасар,  
Тірлік заны жалғасар.  
Үлбіреген қызыл гүлді,  
Үсік шалып, қар басар.

Дүние опа таптырмайды,  
Байлық мәңгі тұрмайды.  
Бір күн сынар быт-шыт болып,  
Шөлмек мың күн сынбайды.

Дәурен тайса алшаң басар,  
Қасындағы жан қашар.  
Кедейшілік- қабаған ит,  
Етегіңе жармасар.

Бұғін шалқып, шаттанасың,  
Бал шарапқа қанаңың.  
Бәлкім ертең лапылдаған  
Қайғы отына жанаңың.

Бұлт шақырып күн ашықта,  
Көкірегінді тасытпа.  
Шолжандаған патша қызы,  
Күн боласың, асықпа!

Ақ орданың еркесі едім,  
Ақ мамықтан төсегім.  
Мұсәпірмін енді, міне,  
Көрген түстей кешегім.

Жақындаиды кім қасыма,  
Қарап көздің жасына?  
Жылай-жылай қырау түсті,  
Мақпал қара шашыма.

Не келмейді қыз басына,  
Мені көрсөң шошыма.  
Тулап жығып, тастап кетер,  
Асау тағдыр осы да...

### **Патша сүйген құл – залым**

Ей, жігітім, именбе,  
Қанат ұшы күйгенге.  
Әділеттің басына,  
Қиянат кеп сигенге.  
Көне берме отқа сап,  
Тобылғыдай игенге.  
Төбесінен жай тұсір,  
Табанында иленбе!  
Назаланып қайтесің,  
Қу тіршілік күйбенгे.  
Дүние кетпес осымен,  
Айналанынан жиренбе.  
Алақтайды тажал да,  
Ажал қабак түйгенде.  
Патша сүйген құл-залым,  
Сүйен, Алла сүйгенге!..

## **Таң атады**

Таң атады, күн шығады,  
Құбылмаса Көк Тәнірі.  
Тыныс жетпей тұншығады,  
Тас астында шөп тамыры.

Шырылдайды босқа жылап,  
Оята алмай тау сілемін.  
Жоқ қой, эттен, таста құлак,  
Еститұғын даусын оның...

## **Өзекті өртеп...**

Өзекті өртеп шыжғырады мұн шоғы,  
Айттырмай-ақ білер дейсің кім соны?  
Қалың елді жүртқа тастап тағы да,  
Белден асты бұландаған жыл соны.

Елтігенмен елесіне еліктеп,  
Келер күннен халқым менің не күтпек?  
Жыл айналса ағайынды жеті жүт,  
Жетіп келер бір-біріне серік бол.

Қалжыраған көптің қамын кім ойлар,  
Көңіл түбін үңгіп жатқан үрей бар.  
Ақ бесіктің үкісіндей үмітім,  
Сен үзілсең, босағамда жын ойнар.

Сайтан көзі тереземнен сығалап,  
Үйге кірер сұмпайылар сұғанақ.  
Тұскен кездे ортасына екі оттың,  
Кімдер келіп жай-күйімді сұрамақ?..

## **Ей, тағдырым**

Аспанымда күнім жайнап тұрғанда,  
Ей, тағдырым, тас тұнерме, тұлданба!  
Шапағаттың шуағына шомылдыр,  
Жаным жылап, жанағра жас тұнғанда.

Мұнын шағар мұңлық біткен тіл барда,  
Құлак қайсы оны бірақ тыңдарға?  
Бозторғайды боршалаған қырғидай,  
Жүрегімді жұлмалатпа сұмдарға.

Жұғімді артып жылжып өткен жылдарға,  
Сынаптайын сырғып кетсем сын бар ма?  
Орал тауын он айналып еңіреп,  
Алтай тауын алты айналып тынғанда.

Жарылқарын өзі білер кімді Алла,  
Құтқаарда қайғыдан да, мұндан да.  
Болмай ма екен тарыққанда бір тілек,  
Құлақ кесті, қара табан құлдан да.

### Көне қорғаннан табылған тас босағадағы жазу

Ей, жолаушы, жолың болсын әлдеқайда асыққан,  
Сыңайың бар суыт жүріп, келе жатқан қашықтан.  
Жортқан жанға бұйырады түзден ғана ырыздық,  
Сәл аялдап, дәм татып кет, мынау қара лашықтан.

Тіршіліктің мұндай сәті келе бермес ұдайы,  
Атыңнан тұс, белінді шеш, қонағым бол құдайы.  
Пенде тұрғой мейманына қызмет еткен пайғамбар,  
Бәйек болып, мың бүгіліп, зыр жүгіріп жұбайы.

Көкшолақпен көктей өтіп қазактың кең даласын,  
Алды-артыңа қарамастан, қайда шауып баراسың?  
Мына жолдың бас-аяғын көзбен көрген ешкім жок,  
Мәңгі-бақи сабылдырған адамзаттың баласын.

Күймесіне қоныраулатып қос арғымақ жеккеннің,  
Осы жолмен құйындастып өткендерін көп көрдім.  
Жаяу қалып бір-біріне жете алмаған мұнлықтар,  
Зар жылаған сәлем жолдал қанатынан кептердің.

Атың арып, тоның тозып сергелденге түстің бе,  
Шалдықканда, шөл қысканда сусын тауып іштің бе?  
Таңырқама қаны бұзық қарақшыға кезіксең,  
Өмір деген қатері көп күре жолдың үстінде.

Барап жерге аман-есен тірегенше ат басын,  
Көлденеңнің қырсығынан Тәнір өзі сақтасын.  
Бәле-жала байқамасаң балағынан кіреді,  
Коржыныңда ширатылып шұбар жылан жатпасын.

Тиянақсыз бұл ғұмырда тағдыр бәрін билемек,  
Қайыршы да жолға шығар құр сүлдерін сүйрелеп.  
Айдалада домаланып басы қалған талайдың,

Сақалына құжынаған шыбын-шіркей үймелеп.

Сенделгенше сағым қуып сүрлеу-соқпақ ізбенен,  
Сұхбат құрып, көңіл көтер біразырақ бізбенен.  
Сен ғана емес жұмбак сырлы, жолы қын жалғанда,  
Диуанадай дүние кезіп, дәтке қуат іздеген.

### **Бір Аллаға сыйынып**

Мезгілінде көктем келе қоймастан,  
Қыс аяғы қыбырлайды жай басқан.  
Күн күркіреп, жасын ойнап кенеттен,  
Кір көйлегін ақ жаңбырмен шайды аспан.

Осындауда бір Аллаға сыйынып,  
Құлшынасың құпірліктен тиылып.  
Кетсе дейсің дүниені тазартып,  
Құдіреттің көк нөсері құйылып!..

Нұр жаумаса пенде қалай күн көрсін,  
Уа, періштем, сен келмесең кім келсін?  
Мұсіркесең мұскіндерді жанай ұш,  
Қанатыңың ұшын сипап үлгерсін!

\*\*\*

Жүрек шошып шайлышар,  
Жеткен сайын сұм хабар.  
Шаттық барда – қайғы бар,  
Бал бар жерде – у да бар.

Запы қылған заманның,  
Қылығы жоқ еш құптар.  
Заты қылышадамның,  
Достық барда – қастық бар.

Тәнір өзі пенденің  
Парасатын пайымдар.  
Рас болса көргенім,  
Мейір барда – қайыр бар.

Бастау көзі байланса,  
Бір жұтыйм су мұң болар.  
Дүние теріс айналса,  
Қайырылып кім қарар?

Көз жіберіп карасаң,  
Не жоқ дейсің өмірде.  
Бұрқылдайды қара шан,  
Құлазыған көңілде...

### **Батарсың уайымға**

Тәнірі тілекті бермеген соң,  
 Тағдырдың азабын тартасың.  
Шындықтың шырайын көрмеген соң,  
 Тірліктің түрінен қорқасың.

Ел-жұрты еншіден құр қалған соң,  
 Талайлар айқасып алыскан.  
 Не керек жігерің құм болған соң,  
 Болсан да айбатты арыстан.

Жеткізбес арманды қуғаннан соң,  
 Батарсың уайымға, қайғыға.  
 Экеден ұл болып туғаннан соң  
 Атаның жолынан айныма!

Ашу мен ызаға уланған соң,  
 Ашы дәм кетпейді таңдайдан.  
Халқыңың бақыты ұрланған соң,  
 Бақытты боласың сен қайдан?

### **Зоопаркте**

Қара жерде қарап жүріп қайғырдым,  
 Аманында аспандағы ай-күннің.  
 Темір торда зарығады мұнайып,  
 Кәрі арыстан күнін кешіп маймылдың.

Сол арыстан секілдімін кейде мен,  
 Тар қапаста туған тілде сөйлеген.  
 Тәнір жазып, темір тордан шығарып,  
 Кең дағаға қоя берсең қой демен!..

## Өзінің тілін

Айтумен жүрміз Азаттық жырын,  
Тартумен жүрміз азаптың жүгін.  
Өзінің тілін ит те біледі,  
Итке бермесін қазақтың күнін!..

### Иттен бөрі шықпайды

Кештік дәурен қайран бастан,  
Суық қабақ, жат бауыр.  
Ит боп қапқан кей жолдастан,  
Үрмеген ит тәп-тәуір.

Жаманнан кім жапа көрмес,  
Көңіліңнен дәм татқан.  
Арамзалар опа бермес,  
Арсыз туып, ант атқан.

Шаңың ұшын жел созғанда,  
Құйын көкке шабады.  
Заман азып, ел тозғанда,  
Ит иесін қабады.

Өткен өмір тұс емес пе,  
Жұз құбылған жалғанда.  
Иттің бары тұседі еске,  
Балағыннан алғанда.

Сорлы болған пиғылынан,  
Байқұсқа шыр жүқпайды.  
Май құйсаң да құйрығынан,  
Иттен бөрі шықпайды.

### Тұған бұлак

Алыстап кіндік кескен жерден жырақ,  
Аңсадым атам Айттан, қалған бұлак.  
Өзіңнен айырылғалы секілдімін,  
Қоштасып ұшқан аққу көлден жылап.

Тіршілік кімге тұрақ таптырғандай,  
Суыңа балдан тәтті кеттім қанбай.  
Шомылған айдың нұры тұнығыңа,  
Періште тұнде келіп бет жуғандай.

Бұралып биге басып балғын құрак,  
Жағанда жатушы еді шалғын құлап.  
Күрсініп көкжиекке қарай-қарай,  
Бұл күнде күнгірт тартты көз бұлдырап.

Адам боп жер бетіне жаралғалы,  
Дүние мың құбылды жанардағы.  
Амал жоқ сылдырынды сағынбасқа,  
Жалбызың болмаған соң жағандағы...

### **Көргеннің бәрі қызық**

Аударып назарымның бәрін соған,  
Кезім көп табиғатқа танырқаған.  
Жайнап тұр күн астында кең дүние,  
Жанымды жадыратып жабырқаған.

Тап-таза дала төсі тұнық қандай,  
Дауылды шаң көтерген ұмытқандай.  
Құстар да қалықтайды биік шалқып,  
Қадірін тыныштықтың шын ұққандай.

Жете алмай қолын созған көңіл талай,  
Ақша бұлт үлпілдейді ақ ұлпадай.  
Аспанда емін-еркін шарласын деп,  
Бостандық берген оған Тәңір солай.

Көргеннің бәрі қызық тірі адамға,  
Бұлт қонбас шақырғанмен сірә қолға.  
Пендерей тірлігіне тәуба қылған,  
Жел қуған тағдырына ыразы ол да.

**Несілбек Айтұлы**, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты